

"Қазақстанның Даму банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 434-II Заңы

"Қазақстанның Даму Банкі туралы" 2001 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 9, 85-құжат; 2003 жылғы 23 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2003 жылғы 21 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне бағалы қағаздар рыногы және акционерлік қоғамдар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2003 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 2-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Даму Банкінің инвестициялық басымдықтары, заем қаражатын тартуға сандық шектеулері, кредит беруінің, меншікті капиталды орналастыруының, бірлесіп қаржыландыруының, кепілдіктер беруінің, агенттің функциясын орындауының лимиттері, бағыттары, ықтимал шарттары, тәртібі мен мерзімдері Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Даму Банкінің Кредит саясаты туралы меморандумында (бұдан әрі - Меморандум) белгіленеді.";

2) 3 - б а п т а :

1-тармақта "өңдеуші өндірістерді" деген сөздер "өңдеуші өнеркәсіпті" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

2) тармақша "экспорттық операцияларына" деген сөздерден кейін "(бұдан әрі - экспорттық операциялар)" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшадағы "(Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама)" деген сөздер алып тасталсын;

3) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Даму Банкінің функциялары

1. Даму Банкінің функциялары:

1) Меморандумға сәйкес, республикалық және жергілікті инвестициялық жобаларды қоспағанда, инвестициялық жобалар мен экспорттық операцияларды іріктеу және оларға кредит беру, оның ішінде бірлесіп қаржыландыру;

2) қайтарымды негізде қаржыландырылатын республикалық және жергілікті инвестициялық жобаларға, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген заемдар есебінен қаржыландырылатын жобаларға қызмет көрсету жөніндегі агенттің функциясын

о р ы н д а у ;

3) республикалық және жергілікті инвестициялық жобалар ретінде қайтарымды негізде қаржыландыруға ұсынылатын жобаларға, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген заемдар есебінен қаржыландыруға ұсынылатын жобаларға банк сараптамасын жүргізу;

4) Даму Банкі заемшыларының қаржылық жай-күйінің және Даму Банкі қызмет көрсететін республикалық және жергілікті инвестициялық жобаларды, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген заемдар есебінен қаржыландырылатын жобаларды іске асырудың мониторингі;

5) Даму Банкі заемшыларының міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдану;

6) мемлекет кепілдік берген заемдарды қоса алғанда, мемлекеттік емес заемдарды алу, оларға қызмет көрсету және оларды өтеу;

7) мемлекет кепілдік берген заемдарға қызмет көрсету, Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындауына және заңды тұлғалардың өзге де борыштық міндеттемелерін орындауына байланысты республикалық бюджеттен бөлінген қаражатты қайтару жөніндегі агенттің функциясын орындау болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі арнайы құрған ұйымдар арқылы бюджеттік кредит беру жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген функция Даму Банкінің айрықша құзыретіне жатады.";

4) 5 - б а п т а :

4) тармақша "заем қаражатын" деген сөздерден кейін ", оның ішінде республикалық және жергілікті бюджеттерден заем қаражатын" деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) заем қаражатын қоса алғанда, өтімділігі жоғары қаржы құралдарының ішкі және сыртқы рыноктарында Меморандумда белгіленген шектерде және тәртіппен бос қаражатты орналастыруға";

5) тармақшада "Бағдарламаға енбейтін" деген сөздер "республикалық және жергілікті инвестициялық жобаларды қоспағанда," деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 6-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Даму Банкі акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік о р г а н :

1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Даму Банкінің қызметін құқықтық , қаржылық және өзге де қамтамасыз ету мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен іс-қимыл жасау процесін үйлестіруді жүзеге асырады және оған қатысады;

2) Даму Банкінің Меморандумды сақтауын бақылайды.";

б) 7-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Даму Банкі қызмет көрсететін инвестициялық жобаларға және экспорттық

операцияларға сәйкес жасалған шарттарда көзделген төлемдерді және ақша аударымдарын жүзеге асыру мақсатында Даму Банкінің заемдарын, басқа да заемдар мен республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатын есепке алу үшін банк шоттарын ашу және жүргізу. Бұл ретте банк шоттарындағы ақша сомасы осы тармақшада көзделген олар бойынша жасалатын операциялардың сомасынан артық болмауға тиіс;"

7) 8 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Даму Банкінің банк сараптамасын жүргізуі";

1-тармақта "Бағдарламаға енгізу үшін ұсынылатын" деген сөздер "осы Заңның 4-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "жобаны Бағдарламаға енгізудің" деген сөздер "инвестициялық жобаны қайтарымды негізде қаржыландырудың" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік бюджет қаражаты немесе мемлекет кепілдік берген заем есебінен қайтарымды негізде қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобаны қарау, банк сараптамасының нәтижелері бойынша Даму Банкінің оң қорытындысы болған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.";

8) 9-11-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Даму Банкінің республикалық және жергілікті бюджеттерден заемдар тартуы және пайдалануы

1. Даму Банкінің республикалық және жергілікті бюджеттерден заемдар алуы тек қана ақылы, мерзімділік және қайтарымдылық негізде жүзеге асырылады.

2. Даму Банкінің республикалық және жергілікті бюджеттерден алатын заемдарды беру, пайдалану және қайтару тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалады.

3. Республикалық және жергілікті бюджеттерден тартылатын заемдарды Даму Банкі Меморандумға сәйкес өзі дербес іріктеу жүргізетін жобаларға кредит беру үшін пайдаланады.

10-бап. Даму Банкінің агент функцияларын орындауы

1. Даму Банкі агенттік қызмет көрсетуге жасаған шарттарына сәйкес осы Заңның 4-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген инвестициялық жобалар бойынша агенттің функцияларын орындайды.

2. Даму Банкі агент болып табылатын инвестициялық жобаларды республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен қаржыландыруды бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Даму Банкіне қаражат аудару жолымен жүзеге асырады.

3. Инвестициялық жобаны іске асыру аяқталғаннан немесе мерзімінен бұрын тоқтатылғаннан кейін Даму Банкі қаражаттың қалдықтарын тиісті бюджеттерге

қ а й т а р а д ы .

4. Даму Банкі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жобаларды қаржыландыру үшін тартылатын мемлекет кепілдік берген мемлекеттік емес заемдар бойынша агенттің функцияларын орындайды.

11-бап. Даму Банкі қызмет көрсететін инвестициялық жобаларды іске асыру мониторингі

1. Даму Банкі өзі қызмет көрсететін инвестициялық жобаларға қатысты агенттік қызмет көрсету шарттарына сәйкес:

1) жобаларды іске асыруды қаржыландыру графиктерінің;
2) заемшылардың қаржылық жай-күйінің;
3) іске асырылатын жобалар бойынша жұмыстар, көрсетілген қызметтер көлемінің нақты орындалуының мониторингін жүзеге асырады.

2. Даму Банкі жыл сайын агенттік қызмет көрсету шарттарына сәйкес, нәтижелердің жобалық техникалық-экономикалық көрсеткіштерге сәйкестігін бағалай отырып, инвестициялық жобалардың іске асырылуына және қаржыландырылуына талдау жасайды және экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға тиісті қорытынды береді.";

9) 1 2 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Даму Банкінің инвестициялық жобаларға және экспорттық операцияларға кредит беруі Меморандумға сәйкес айқындалған шарттарда, тәртіппен және мерзімдерде жүргізіледі. Берілетін кредиттер бойынша сыйақы ставкасының шамасын Даму Банкі қарыз алудың орташа құнын және операциялық шығыстарды ескере отырып есептеп шығарады.";

2-тармақ "заемдар" деген сөзден кейін "Меморандумға сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

1 0) 1 3 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Даму Банкі қарыз алуды заемның қайтарылуын өз активтерімен қамтамасыз ете отырып немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерімен жүзеге асырады.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Даму Банкі шығарған борыштық бағалы қағаздар ол Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарына сәйкес қаржы агенті мәртебесін алған кезден бастап агенттік облигациялар болып табылады.";

2-тармақтағы "азаматтық" деген сөз алып тасталсын;

11) 14-16-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"14-бап. Даму Банкінің заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы

органдарға - Даму Банкіне республикалық бюджеттен, тиісті жергілікті атқарушы органдарға - жергілікті бюджеттерден бөлінген заем қаражаттарының игерілуі туралы есептілікті;";

13) 21-баптың 2-тармағы "ұйыммен" деген сөзден кейін "(аудитормен) қаржы жылының қорытындылары бойынша Даму Банкінің қызметіне аудит жүргізу туралы" деген сөздермен толықтырылсын;

14) 22-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"22-бап. Даму Банкінің акционерлері

Қазақстан Республикасының Үкіметі және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары Даму Банкінің акционерлері болып табылады."

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті